

Біржолғы талондардың құны туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 18 мамырдағы № 27-4 Шешімі. Жамбыл облысы Қордай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 маусымда 93 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 13-12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 21.12.2012 № 13-12 шешімімен.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы » Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36-бабының 6 тармағына сәйкес аудандық салық органы жүргізген орташа күндік хронометраждық байқау мен зерттеу деректері негізінде аудандық мәслихат

Ш Е Ш И М

Е Т Т I :

1. Қордай ауданы бойынша қызметті дүркін-дүркін сипатта болып жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін және базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен занды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. «Базарларда тауар сатумен айналысатын тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны туралы» Қордай аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 14 желтоқсандағы № 3-9 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-5-55 болып тіркелген, 2008 жылдың 30 қаңтарында « Қордай шамшырағы» - «Кордайский маяк» газетінде жарияланған) күші жойылды

д е п

т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі .

Аудандық мәслихат

сессиясының төрайымы

Ф. Байбекова

T. Сүгірбай

Аудандық мәслихат

хатшысы

Қордай

2010

аудандық

жылғы

18

№ 27-4 шешіміне қосымша

мәслихаттың

мамырдағы

Қордай ауданы бойынша қызметті дүркін-дүркін сипатта болып жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін және базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны

Ескерту. қосымшага толықтыру енгізілді - Қордай аудандық мәслихатының 2012.03.02 № 3-3 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Рет №	Сату түрлері	Біржолғы талондардың құны (тенге)
1.	Халық тұтыну тауарлары:	
1)	заттар (киім, аяқ киім және басқалар)	135
2)	мол ассортименттегі заттар (киім, аяқ киім, кілемдер, паластар, маталар)	165
3)	косметика және парфюмерия	190
4)	кенсе және шаруашылық-тұрмыстық тауарлары (ыдыстар, тұрмыстық бұйымдар), жуғыш заттар	210
5)	күріліс материалдары	240
6)	балалар ойыншылқары	145
7)	теледидарлар, бейне және дыбысмагнитофондар, электротехника	240
8)	бұрын қолданыста болған тауарлар (косалқы бөлшектер, заттар, ыдыстар)	90
9)	косалқы бөлшектер	130
10)	өсімдік тұқымдары, көкөніс және ағаш көшеттері	115
11)	гүлдер (табиги, жасанды)	290
12)	әр түрлі ұсақ тауарлар (темекі, насыбай, әк тас, шемішке және басқалар), газет пен журналдар, дыбыс, бейне таспалар, дискілер	105
2.	Тамак өнімдері:	
1)	сүт, қаймақ, айран, қатық, сүзбе, ірімшік, жұмыртқа	105
2)	ет және ет өнімдері	150
3)	балық, балық өнімдері	145
4)	өсімдік майлары	135
5)	азық-тұлік тауарлары (макарон өнімдері, нан-бөлке өнімдері, кондитер өнімдері) бал	160
6)	мол ассортименттегі азық-тұлік тауарлары (макарон өнімдері, кәмпитеттер, печенье, нан-бөлке өнімдері, кондитер өнімдері) бал	270
7)	салқындалылған сусындар, газдалған су, квас, балмұздақ	75

8)	кәуәп, гриль, гамбургерлер, пирожкилер, самсалар, бәліштер, пицзалар, хот-догтар, мәнті, таба нандар, попкорн	195
9)	ұн, қант	270
10)	салаттар	300
3.	Көкөніс, жеміс және бақша өнімдері:	
1)	сөрелерден	105
2)	женіл автокөліктен	110
3)	3 тоннадан жоғары жүк автокөлігінен	420
4.	Басқа тауарлар:	
1)	шөп, сексеуіл, көмір	255
2)	малазықтық жем	105
5.	Тірі мал (әр бастан):	
1)	ірі қара, жылқы	120
2)	ірі қара және жылқы төлдері	90
3)	қой, ешкі	95
4)	қой және ешкі төлдері	90
5)	шошқалар	110
6)	торайлар	70
7)	құстар, аңдар (сауда орнынан)	70
6.	Басқа қызметтер:	
1)	үй жануарларын бағу (әр басқа):	
	ірі қара малдарды	2
	жылқыларды	2
	қой мен ешкілерді	0,20
2)	кілт жасау қызметі	155
3)	аяқ киім жөндеу қызметі	140
4)	жер участкерін өндөу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	505

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК